

КЕЛІСІЛДІ

БЕКІТІЛДІ

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің Жамбыл
облысы бойынша департаментінің
басшысы**

Тараз қаласының әкімі


Е. Мақажанов
«26» Қыркүйек 2024ж




Б. Орынбеков
«26» Қыркүйек 2024ж

«Парасат елшісі» республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

«Парасат елшісі» республикалық байқауы (*бұдан әрі – Байқау*) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жамбыл облысы бойынша департаментінің бастамасымен Тараз қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында Жамбыл облысының 85 жылдығына орай өткізіледі. Осы ереже Байқауды өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібі мен жеңімпаздарды марапаттауды анықтайды.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаттары:

- жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру;
- жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;
- адалдық, әділдік, парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру;

2.2. Байқаудың міндеттері:

- жастарды әлеуметтік маңызы бар жобаларға, құқықтық бастамаларға қатысуға мүмкіндік туғызу;
- жастардың жалпы мәдени және кәсіби біліктіліктерін арттыру;
- жастардың жеке және ұжымдық шығармашылықтарын дамыту.

3. Байқауға қатысушылар

Байқауға ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеті бар 18 бен 35 жас аралығындағы жастар ресурстық орталық мамандары және жоғары, орта арнаулы оқу орындарының студенттері қатыса алады. Байқауға қатысу үшін әр командада 5 адам болуы қажет. Байқауға әр облыстан және республикалық маңызы бар қаладан бір команда қатыса алады.

Байқауға қатысушылар өтінім парағын ұйымдастыру алқасына taraz.zhastar08@gmail.com электронды мекен-жайына 2024 жылдың 7 қазанға дейін жолдау керек.

4. Байқауды өткізу тәртібі

Конкурстық кезеңдердің сипаттамасы.

Бұл ережеде конкурстық кезеңдердің сипаттамасы, сондай-ақ Байқауды толық көлемде өткізу үшін қажетті өзге де шарттар айқындалады.

Байқауды өткізу кезеңі: 2024 жылдың 7 қазан – 29 қараша аралығы.

I іріктеу кезеңі: 2024 жылдың 7 қазан – 6 қараша аралығы онлайн форматта өткізіледі. Бұл кезеңге 20 команда қатысады.

II іріктеу кезеңі: 2024 жылдың 11-15 қараша аралығы аралығы онлайн форматта өткізіледі. Бұл кезеңге бірінші іріктеу кезеңнен өткен 10 команда қатысады.

III финалдық кезең: 2024 жылдың 29 қараша күні офлайн форматта Жамбыл облысы, Тараз қаласында өткізіледі. Бұл финалдық кезеңге бірінші және екінші іріктеу кезеңдерінен өткен 5 команда қатысады.

Байқау үш кезеңнен тұрады. Алғашқы екі кезеңі онлайн форматта өтеді, әр облыс өз өңірінде өткізеді. Қорытынды финалдық кезеңі Жамбыл облысы Тараз қаласында офлайн форматта өткізіледі. I және II кезеңдерде командалардың жұмыстары 1-10 балл аралығында бағаланады. **I кезеңнен соң 20 команда ішінен 10 команда іріктеліп, келесі кезеңге өтеді. II кезеңнен соң қорытынды ұпайларды есептей отырып 5 команда III кезеңге, яғни финалға жолдама алады. Финалдық кезең Жамбыл облысы, Тараз қаласында өтеді. Финалдық кезеңде іріктеуден өткен үздік 5 команда бақ сынасатын болады.**

I кезең – парасаттылық елшілік ету.

Өткізу мерзімі: 2024 жылдың 7 қазан – 6 қараша аралығы.

Әр команда тұрғылықты жері бойынша өз облысында жастар арасында парасаттылық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізуден бастайды. Іс-шараларды өткізу форматы бойынша командаларға еркіндік (*кездесу, семинар, дөңгелек үстел, конференция, форум және т.б*) беріледі.

Әр команда аталған мерзімде облыстағы мектеп оқушылары мен колледж және жоғары оқу орындарының студенттері және жалпы жастар арасында түрлі форматта онлайн немесе офлайн түрде іс-шаралар өткізеді. Іс-шараларды өткізудің негізгі бағыты лекция, презентациялар, бейнероликтер қолдану арқылы жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жастар арасында адалдық, әділдік, парасаттылық қағидаттарының қалыптасуына үлес қосу.

Әрбір өткізілген іс-шара бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, ақпараттық агенттіктерде, интернет-ресурстарда немесе телеарналарда жариялануы және қаралым санының көп болуы ауқымы кең таралуы жоғары бағаланатын болады.

Ақпарат жариялау барысында **#парасателшісі** хэштегін қолдану ұсынылады.

Өткізілген іс-шараларға команда мүшелерінің бірі міндетті түрде қатысуы керек, сондай-ақ өз еріктері бойынша басқа да спикерлерді қатыстыруына рұқсат етіледі.

Өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат қосымша жолданатын кестеге сәйкес толтырып, **6 қараша сағат 18.00-ге дейін** ұйымдастыру алқасына жолдау керек.

Келіп түскен жұмыстар комиссия отырысында қаралып, командалардың жұмыстары бағаланып, бірінші кезеңнің нәтижелері **11 қарашаға дейін** жарияланатын болады.

Ескерту: Жалған ақпарат жазуға, сондай-ақ аталған жобаға қатысы жоқ немесе бұрын ұйымдастырылған іс-шаралардың ақпаратын ұсынуға тиым салынады.

II кезең – бейнероликтер байқауы.

Өткізу мерзімі: 2024 жылдың 11-15 қараша аралығы.

Бұл кезеңде қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында бейнеролик түсіреді. Түсірілген бейнеролик заман талабына сай, плагиат болмауы қадағаланады. Бейнероликтің ұзақтығы 2 минуттан аспау қажет. Бейнеролик мазмұны адал қоғам қалыптастырудың маңыздылығына және өзектілігіне бағытталу керек. Қатысушылар бейнеролик дайындау барысында қажет болған жағдайда арнайы мамандардан (*видеооператор, монтаждаушы және режиссер*) техникалық кеңес ала алады.

Бейнероликті дайындау барысында барлық тиісті компьютерлік бағдарламаларды қолдануға рұқсат етіледі, сонымен қатар дайындалған бейнеролик 1920x1080 (16:9) mp4 форматында болуы тиіс. Өзірленген бейнероликтер **15 қараша сағат 18.00-ге дейін** ұйымдастыру алқасына жолдануы қажет.

Келіп түскен бейнероликтер комиссия отырысында қаралып, командалардың жұмыстары бағаланып, екінші кезеңнің нәтижесі және екі кезеңнің қорытындысы, сондай-ақ финалға өткен командалар тізімі **18 қарашаға дейін** жарияланатын болады.

Ескертпе: I және II кезеңдер онлайн форматта өткізіледі және Байқауға жолданған барлық құжаттар мен материалдар кері қайтарылмайды.

III кезең – финалдық кезең.

Өткізу мерзімі: 2024 жылдың 29 қарашасы.

Финалдық кезең оффлайн форматта 2024 жылдың 29 қараша күні Тараз қаласында өтеді. Бұл кезеңге екі тур бойынша ең көп балл жинаған үздік атанған 5 команда қатысады. Финалдық кезеңге өткен соң алдында жинаған баллдары түгел жойылып, тек финалда жинаған баллдар бойынша жеңімпаз команда анықталатын болады.

Финал үш бөлімнен тұрады.

1) «Кім мықты?» зияткерлік сайыс кезеңі.

Бұл кезеңде командалар әртүрлі бағыттағы (*Қазақстан тарихы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, Жамбыл облысы 85 жылдығына орай облыс тарихы туралы, сондай-ақ білім, мәдениет, спорт, қазақ әдебиетінен және т.б. бағыттар*) сұрақтарға жауап береді. Сайыс «Kahoot» платформасында жүргізіледі.

2) «Әділетті қоғам менің көзіммен» постерлер байқауы.

Бұл кезеңде командаларға қағаз бен қаламсап беріледі. Командалар әділетті қоғам көрінісін қағазға салып бейнелейді. Ол қоғамда жемқорлық пен құқықбұзушылыққа жол берілмейді, адалдық құндылықтары қалыптасқан, сәйкесінше барлық салада ілгерілеу мен даму бар. Постерлер байқауында тақырыпты тереңінен ашып, оны көркем түрде бейнелей білген командалардың жұмыстары жоғары бағаланады. Үздік туындылардың эксиз үлгілері баннерлер мен таратпа материалдарына қолданылатын болады.

3) «Кім ойлаған?» жобалар байқауы.

Кезең шарты бойынша қатысушы командалар жемқорлық құқықбұзушылықтары жиі тіркелетін салаларда (*білім саласы, денсаулық сақтау саласы, әлеуметтік қорғау саласы, ауыл шаруашылық саласы, құрылыс саласы*) жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша тиісті механизмдерді қамтитын жобалар әзірлейді. Яғни таңдалған саладағы қалыптасқан жағдай, кездесетін жемқорлық тәуекелдері және оларды жою жолдары ұсынылу керек. Жобалардың тақырыбы сол сәтте жеребе арқылы үлестіріледі. Жобаны әзірлеген соң командалар жобаны комиссия алдында қорғайтын болады. Жобада нақты саладағы тәуекелдер мен өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары қамтылу қажет.

6. Байқауды қорытындылау тәртібі мен марапаттау рәсімі

Байқаудың I және II кезеңдері онлайн форматта 2024 жылдың 7 қазан – 15 қараша аралығында өткізіледі. Байқаудың финалдық кезеңі 2024 жылдың 29 қараша күні офлайн форматта Жамбыл облысы, Тараз қаласында өткізіледі.

Байқау жеңімпаздарына алғыс хаттар мен қаржылай сыйақы табысталады:

I орын – 400 000 тг,

II орын – 250 000 тг,

III орын – 150 000 тг.

Ынталандыру сыйлығы – 50 000 тг.

Жалпы жүлде қоры: 900 000 тг.

«Парасат елшісі» республикалық Байқауына қатысушы команданың

ӨТІНІМ ПАРАҒЫ

Облыс/қала атауы _____

Команда атауы _____

№	Команда мүшелерінің аты жөні	Туған күні, айы, жылы	Жұмыс орны немесе оқу орны	Электронды мекенжайы	Байланыс телефоны
1					

Өтінім білдіруші мекеменің немесе оқу орны басшысы:

аты-жөні қолы

мөрі